

ЖШС «MDU Bagytty bala» балабақшасы

Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өміргалиева А.Б.



**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
Әжелер, әкелер, аналар мектебінің жоспары**

2025-2026 оқу жылы



Әжелер, әкелер, аналар мектебінің жоспары

Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне, білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде 2025-2026 оқу жылының
ӘЖЕЛЕР, ӘКЕЛЕР ЖӘНЕ АНАЛАР МЕКТЕБІ ЖОСПАРЫ

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Уақыты	Жауапты адам
1	«Алтын күз – шығармашылық шуағы» сурет және қолөнер көрмесі	Көрме	Қыркүйек 2025 жыл	Әдіскер, топ тәрбиешілері
2	«Қарттарға құрмет – ұрпаққа өнеге» мерекелік концерт және естелік бұрышы	Концерттік бағдарлама	Қазан 2025 жыл	Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, би жетекшісі
3	«Отбасылық спорт мерекесі» ата-ана және бала қатысуымен	Спорттық сайыс	Қараша 2025 жыл	Тәрбиешілер
4	«Ертегілер әлеміне саяхат» – ата-әжелермен әдебиет сағаты	Дөңгелек үстел	Желтоқсан 2025 жыл	Әдіскер, психолог
5	«Ән мен би әлемінде» – музыка жетекшісімен ата-аналарға арналған шығармашылық апта	Шеберлік сағаты	Қаңтар 2026 жыл	Логопед, тәрбиешілер

6	«Ашық есік – ашық жүрек» ата-аналарға арналған балабақшамен таныстыру туры	Ашық көрсетілім, экскурсия	Ақпан 2026 жыл	Әдіскер, психолог
7	«Дәстүр – ұрпаққа аманат» – Наурыз мерекесіне арналған салт-дәстүр көріністері	Театрландырылған қойылым	Наурыз 2026 жыл	Тәрбиешілер
8	«Таза аула – жарқын болашақ» ата-аналармен бірлескен сенбілік	Еңбек күні	Сәуір 2026 жыл	Әдіскер, психолог
9	«Әке – отбасының тірегі» әке мен бала арасындағы спорттық және шығармашылық жарыс	Сайыс	Мамыр 2026 жыл	Психолог, тәрбиешілер
10	«Туған жерге тағзым» – ескерткіш аумағын тазарту және экскурсия	Экскурсия, сенбілік	Маусым 2026 жыл	Әдіскер, психолог
11	«Балалар және цифрлық дәуір: пайдалысы мен қауіптері»	TEDx форматында кездесу	Шілде 2026 жыл	Әдіскер, психолог
12	«Альфа буынына тәрбие: жаңа заманға бейімдеу жолдары»	Сұхбат, пікірталас	Тамыз 2026 жыл	Психолог, логопед

ЖШС «MDU Bagytty bala» балабақшасы

Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өмірғалиева А.Б.



«Алтын күз – шығармашылық шуағы»

сурет және қолөнер көрмесі

2025-2026оқу жылы



«Алтын күз – шығармашылық шуағы»

Тақырыбы: «Алтын күз – шығармашылық шуағы» атты сурет және қолөнер көрмесі

Көрменің атауы: «Алтын күз – шығармашылық шуағы»

Өтетін орны: Балабақша залы

Қатысушылар: Балалар, тәрбиешілер,

1. Кіріспе бөлім

Жүргізуші:

– Қош келдіңіздер, құрметті ата-аналар, тәрбиешілер және кішкентай қонақтар!

– Бүгін біз сіздермен бірге «Алтын күз – шығармашылық шуағы» атты сурет және қолөнер көрмесіне жиналып отырмыз. Бұл – балалар мен ата-аналардың бірлескен еңбегінің нәтижесі!

2. Көрмені ашу

Меңгеруші сөзі: Өмірғалиева А.Б

– Балаларымыздың табиғи материалдармен жасаған жұмыстары – олардың қиялы мен шығармашылық әлеуетін көрсетеді. Бұл көрме – ата-ана мен балабақша арасындағы байланыс көрінісі.

3. Балалар өнері бойынша экскурсия

Тәрбиеші:

– Жапырақтардан жасалған аппликациялар

– «Күзгі бақ» макеттері

– балалардың күз туралы салған туындылары

– Ата-аналармен бірлескен қолөнер бұйымдары – ерекше назарда!

4. Балалар өнер көрсетеді (өлең, ән, би):

- Балалар күз туралы тапқақ айтады

- «Сары жапырақтар» биі

- «Күз келді» әні хормен

5. Қорытынды сөз:

Жүргізуші:– Бүгінгі көрмеден балалардың тек қана өнерге емес, еңбекке деген ынтасы да көрініп тұр.

– Барлық қатысушы балалар мен ата-аналар алғыс хаттармен марапатталады!



















ЖШС «MDU Bagytty bala» балабақшасы

Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өміргалиева А.Б.



«Қарттарға құрмет – ұрпаққа өнеге»

2025-2026оқу жылы



«Қарттарға құрмет – ұрпаққа өнеге»

Жүргізуші: Армысыз ауылымның асылдары,

Жайналсын көңілдердің жасыл бағы.

Сіздер үшін ән мен күй, өлең мен би,

Сіздер үшін мереке шашулары.

Қош келдіңіз ақ жаулықты аналар,

Ақыл кенін арқалаған аталар.

Алдарыңда жауқазындай құлпырған,

Біз алаңсыз балғын шақты балалар.

Жүргізуші: Қымбатты ақылдың кенін арқалаған айбынды аталар! Ақ жаулықты аналар!

Барлықтарыңызды қазан айының алғашқы мерекелері қарттар күнімен құттықтаймыз дей отырып ортаға музыка жетекшісі Сымбат Ахметқызын шақырамыз «Мерекелеріңізбен» әнін қабыл алыңыздар!

Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты, ойы терең, ақылы тілегей теңіз болып келеді. Міне, осындай теңеуге лайық қарияларды жылына бір рет келетін 1-қазан Қарттар күнімен құттықтай отырып **«Қарттарға құрмет-ұрпаққа өнеге»** мерекелік шарамызға қош келдіңіздер дегім келеді. Кешімізді бастамас бұрын сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Айдана Баубекқызына береміз.

Би: «Қамажай». Орындағандар: «Балдарған»тобы

Жүргізуші: Алдында ақыл берер қария ғой,

Жақсылар жақсылыққа жария ғой.

Жастарға ол парасатты кеңес берер,

Сөзге бай ағып тұрған дария ғой.

Ән: «Асыл әжем». Орындағандар:Ботақан тобы

Жүргізуші: Халқымыздың тәлім-тәрбиесі ананың ақ сүтімен, әже өнегесімен, аталар ақылымен берісіп, өзіндік қасиетімізді қалыптастыру көзделген.

Көрініс: «Әже мен бала» Орындағандар:Сәйгүлік тобы

Жүргізуші:Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген ауыл қарттарының орны ерекше.

Би: «Асықтар» Орындағандар:Айгөлек тобы

Жүргізуші: Аппақ шашың күн сайын қылаңдаған,

Зейнет емес бейнеттен арылмаған.

Тәңірімдей табынып өтем мәңгі,

Қариялар өзіңді ел сыйлаған.

Жүргізуші: Олай болса, әр халықтың бойында ықылам заманнан бері қалыптасып оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттері болады. Біздің халқымыздың сондай ерешеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу.

Ойын: «Анама көмекетес» Орындағандар:Балбөбек тобы

Жүргізуші: Олай болса, әр халықтың бойында ықылам заманнан бері қалыптасып оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттері болады. Біздің халқымыздың сондай ерешеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу.

Би: «Батырхан» Орындағандар:Қызғалдақ тобы

Жүргізуші:Балабақшамыздың сіздерге арнап өз қолдарынан жасаған сыйлықтары бар. Қабыл алыңыздар! Мерекелік шараны аяқтай отыра «Батамен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» демекші ата - әжелер бата, ізгі ниет - тілектеріңіз болса, сөз кезегін өздеріңізге береміз.



ЖШС «MDU Bagytty bala» балабақшасы

Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өмірғалиева А.Б.



«Отбасылық спорт мерекесі»

отбасылық сайысы

2025-2026оқу жылы



Тақырыбы: « «Отбасылық спорт мерекесі»» отбасылық сайысы

Мақсаты: балалар мен ата-аналарға адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру. Балаларды және ата-аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысуын қажет екендігінің маңызын түсіндіру. Салауаттану - адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының жақсаруы, сондықтан салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: 1. Доп, жалаушалар, шеңбер, скакалка, секундомер, ысқырық, арқан

Барысы:

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар және балалар қауымы! Тәлімді тәрбие отбасынан бастау алса, дені сау ұрпақ – ұлт болашағы болмақ.

«Шынықсаң шымыр боласың

Сауығып айдай толасың.

Спортты серік ете біл,

Жақсы азамат боласың.

Жеңімпаз болу оңай ма,

Арман болған талайға?

Болмасаң да ұқсап бақ,

Жарысқа түсіп қалайда». Бүгінгі «**Жүзден жүйрік**» спорттық отбасылық сайысқа қош келдіңіздер!

Ортаға сайысқа қатысатын топтарды шақырамыз. Қатысушылар тудың суреті бар көк жалауша ұстап шығады.

Ботақан тобы .

Түймедақ тобы.

Қызғалдақ тобы.

Әнұран орындалады.

Жүргізуші: «**Жүзден жүйрік** » отбасылық сайысы – отбасыларды спортқа баулиды. Ата-ана мен баланың арасындағы бірлік пен татулық қасиеттерін нығайта түседі! Бұл жарыс - отбасылардың қатысуымен өтетін тәрбиелік маңызы зор ойын-сауықты бағдарлама. Осындай бағдарлама бүгінде біздің балабақшада ортаңғы топтар мен сүйікті де белсенді ата-аналарының

арасында өткізілгелі отыр.Әр отбасы жеке топты құрайды. Әр топ жеңіс мәресіне жету үшін бірнеше кезеңнен тұратын кедергілерге төтеп беруі тиіс.

Сайысымызды ашып беру үшін ортаға балабақшамыздың меңгерушісі Қойшығұлова Жайдары Берденовнаны шақырамыз.

Ортаға «.....» әнімен балабақшамыздыңтобының бүлдіршінің шақырамыз.

Жүргізуші:

Спорт – денсаулық кепілі десек, «Жүзден жүйрік» отбасылық сайысы отбасылық тәрбие мен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отыр. Біріншіден, дені сау ұлттың қалыптасуына атсалысады, екіншіден бағдарламаға қатысқан әр отбасыға рухани және мәдени мереке сыйлайды.

Жүргізуші:

Біздің жетістіктерімізді бағалайтын әділқазылар алқасымен таныстыруға рұқсат етіңіздер!

1. Балабақша меңгерушісі – Қойшығұлова Жайдары Берденқызы
2. Балабақша әдіскері – Кульшанбаева Жаудиркоз Мусағалиқызы
3. Балабақша медбикесі – Картбаева Шырнай Ташмағанбетқызы

Жүргізуші:

Бүгінгі спорттық сайыс 2 кезеңнен тұрады.

1. Таныстыру
2. «Шынықсаң шымыр боласың» дене жаттығу жасауы

Жүргізуші: Сайысқа арнайы 3 ортаңғы топтан 5 отбасыдан қатысады.

Ал, енді **I «Таныстыру»** кезеңін бастайық!

Әр топ өздерінің командаларын таныстырып өтеді.

Жүргізуші: Ал, енді ойынымыздың негізгі бөлігіне көшейік . «Шынықсаң, шымыр боласың» тақырыбында әр түрлі дене жаттығулары.

Жүргізуші: 1 тур Эстафеталық жалауша.

Топ мүшелері жалаушаны алып жүгіре отырып, белгіленген межені айналып, таяқшаны келесі ойыншыға табыстайды.

Жүргізуші: 2 тур Аралас эстафета.

Қатысушы допты кедергілер арасымен аяғымен жүргізе отырып межеге қойып кетеді, ал баласы тіке жүгіріп барып, межедегі допты кедергілер арасымен қолымен жүгірте отырып алып келеді. Келесі қатысушы скакалмен кедергілер арасымен жүгіре отырып, межеге скакалқаны қалдырып, тіке жүгіріп қайтып келеді.

Жүргізуші: 3 тур Шеңбермен жүгіру.

Қатысушы шеңберді айналдырып жүгіріп келіп, тақтадағы мақал-мәтелдің жалғасын табу керек.

Жүргізуші: 4 тур Кім шапшаң?

Қатысушы қаппен секіріп келіп, ине жіпті сабақтау қажет.

Жүргізуші: 5 тур Пингвин.

1 қатысушы допты екі аяғының ортасына салып,межені айналып келеді де,допты келесі ойыншыға табыстайды.Осылайша ойын жалғасады.

Жүргізуші: 6 тур Арқан тартыс.

Жүргізуші: Осымен бүгінгі « Жүзден жүйрік » тақырыбындағы отбасылық сайысымыз аяқталды.Ортаға әділқазылар мүшесінің төрайымы Қойшығұлова Жайдары Берденовнаны шақырамыз.

Қорытынды: Командаларға ойын нәтижелері бойынша марапаттаулар табыстау.









Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өмірғалиева А.Б.



“Әдебиет – асыл қазына, ата-әже – дана қазына”



Тақырыбы: “Әдебиет – асыл қазына, ата-әже – дана қазына”

Өтетін орны: акт залы

Қатысушылар: тәрбиеші, балалар, ата-әжелер

Зал безендірілуі

- “Асыл сөз – атадан” стенді
- Қазақтың ұлттық бұйымдары (төсек, кебеже, сандық)
- Кітаптар көрмесі: ертегілер, мақал-мәтелдер жинағы

1-бөлім. Кіріспе

Тәрбиеші сөзі:

Құрметті ата-әжелер, қадірменді қонақтар!

Бүгін біз қазақ әдебиетін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші –

ата мен әже екендігін дәріптей отырып,

ұлттық сөз өнеріне арналған ертеңгілігімізді бастаймыз.

“Ата – ақылдың кені, әже – тәрбиенің көзі” демекші,

келіп отырған барлық үлкендерге алғыс білдіреміз!

Балалар шеңберге тұрып тақпақ айтады:

Атам — дана,

Әжем — мейір,

Ертегі айтып береді.

Тыңдап қана отырсам,

Ертегі өзі елестейді!

2-бөлім. Әдебиет пен ауыз әдебиеті

Көрініс: “Әже ертегі айтады”

сахнада әже болады, балалар айнала отырып тыңдайды.

Әже:

“Ертеде, ерте-ертеде, ешкі жүні бөртеде,

Қарақұмда бір ауыл болыпты...”

(Қысқаша ертегі үзінді айтады: “Түлкі мен тырна”)

Балалар ертегіден үзінді шағын көрініс қылып көрсетеді.

3-бөлім. Ата – шежіре, Әже – өнеге

Тәрбиеші: — Әжеден ертегі үйрендік, атадан өнеге үйрендік.

Атадан қалған тағы қандай асыл сөздер бар?

Балалар кезекпен мақал-мәтел айтады:

- Ата – бәйтерек, бала – жапырақ.
- Батыр туса – ел ырысы,

Балпанақтай ұл туса – жер ырысы.

- Жақсы сөз – жарым ырыс.

Мақал құрастыру ойыны

Тәрбиеші жартысын айтады, балалар жалғастырады.

Мысалы:

- Жақсының аты... (өлмейді)
- Жаманнан... (сәт қайтпайды)
- Ұяда не көрсең... (ұшқанда соны ілерсің)

4-бөлім. Ата-әжелер байқауы

“Өсиет сөз” байқауы

Әр ата немесе әже 1–2 шумақ нақыл, өсиет, бата айтады.

Балалар батаны бірге қабылдайды:

Жақсы болындар,

Аман болындар,

Әдептен аспандар,

Үлкенді сыйландар!

5-бөлім. Ән және би

- Қыздар биі: “Айгөлек”
- Ұлдар биі: Қара жорға
- Балалар орындайды: “Әжем-ай” әні

Қорытынды

Тәрбиеші: Бүгін біз әдебиеттің, ертегінің,

өсиет сөздің – ұлттың ұлы қазынасы екенін таныдық.

Ол қазына сіздер — қадірлі ата мен әженің жүрегінде.

Барлық балалар хормен:

Ата сөзі – ақылдың көзі!

Әже сөзі – тәрбиенің өзі!







Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өмірғалиева А.Б.



“Ән мен би әлемінде”



“Ән мен би әлемінде”

Тақырыбы: «Ән мен би әлемінде» атты ата-аналармен бірлескен мерекелік шара

Өтетін орны: «Baqytty bala» балабақшасының музыка залы

Қатысушылар: Балабақша тәрбиеленушілері, ата-аналар, тәрбиешілер, музыка жетекшісі және балабақша әкімшілігі.

Мақсаты: Балалар мен ата-аналардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, өнер арқылы жағымды көңіл-күй қалыптастыру.

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар, қонақтар және бүлдіршіндер!

Бүгін біз «Ән мен би әлемінде» атты отбасылық мерекелік кешке жиналып отырмыз. Бұл кеште балалар ғана емес, ата-аналар да өз өнерлерін көрсетіп, қызықты ойындарға қатысады.

Ән мен би – қуаныш пен достықтың, бірлік пен шаттықтың белгісі. Ендеше мерекемізді бастайық!

Балалардың шеруі

Балалар көңілді әуенмен залға кіріп, орындарына жайғасады.

Балалардың әні

«Балабақша» әні

Жүргізуші:

Өнерлі балаларымызға қошемет көрсетейік!

Ал енді ата-аналар мен балалардың бірлескен өнерін тамашалайық.

Отбасылық би

«Балапаным» биі

(Ата-аналар мен балалар бірге билейді)

Ойын: «Әуенді тап»

Балалар мен ата-аналарға ән әуендері қойылып, әннің атауын табады.

Жүргізуші:

Өнерлі отбасы – бақытты отбасы. Келесі кезекте ата-аналарымыздың өнерін тамашалайық.

Ата-аналардың өнер көрсетуі

(Өн айту немесе би билеу)

Сайыс: «Біз бірге билейміз»

Музыка қосылып, ата-ана мен бала жұптасып билейді.

Сайыс: «Кім жылдам?»

Ата-ана мен бала бірге тапсырмаларды орындайды:

- * Шар тасу;
- * Би қимылдарын қайталау;
- * Музыкалық эстафета.

Балалардың биі

«Көңілді достар» биі

Жүргізуші:

Құрметті ата-аналар! Балалардың өміріндегі ең үлкен қолдау – сіздер. Бүгінгі шарамызға белсенді қатысқандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Ата-аналарға арнау

Балалар ата-аналарына тақпақ айтып, жүрекше немесе гүл сыйлайды.

Қорытынды ән

«Анашым, әкешім» әні

Марапаттау

Белсенді қатысқан ата-аналарға алғыс хаттар табысталады.

Қорытынды сөз

Бала күлкісі – өмірдің сәні,

Отбасы – бақыттың мәңгі әні.

Бүгінгі мерекеміз есте қалар жарқын сәттерге толы болсын!



Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өміргалиева А.Б.



“Ашық есік – ашық жүрек”



«Ашық есік – ашық жүрек»

Тақырыбы: «Ашық есік – ашық жүрек»

Мақсаты: Ата-аналарды балабақшаның тыныс-тіршілігімен, оқу-тәрбие үдерісімен, материалдық-техникалық базасымен, балалардың жан-жақты дамуы мен денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстарымен таныстыру. Балабақша мен отбасы арасындағы серіктестікті нығайту, ата-аналардың балабақша қызметіне деген сенімін арттыру.

Өтетін орны: «Baqytty bala» балабақшасы

Қатысушылар: Балабақша әкімшілігі, тәрбиешілер, мамандар, ата-аналар.

Іс-шара барысы

Қонақтарды балабақша ұжымы жылы қарсы алып, таныстыру турының бағдарламасымен таныстырады. Ата-аналар балабақшаның оқу-тәрбие ортасымен танысып, балалардың күнделікті өмірі туралы толық ақпарат алады.

Тур барысында ата-аналар топ бөлмелерін аралап, балалардың оқу, ойын және демалыс аймақтарымен танысады. Сонымен қатар музыка залы, спорт залы, медициналық кабинет, асхана және серуен алаңдары көрсетіледі.

Балабақшаның ерекше мүмкіндіктерінің бірі – **Монтессори кабинеті**.

Мұнда ата-аналар балалардың өздігінен ізденуіне, логикалық ойлауына, ұсақ моторикасы мен танымдық қабілеттерін дамытуға арналған арнайы құрал-жабдықтармен танысады.

Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында жұмыс жасайтын тұз шахтасы таныстырылып, оның тыныс алу жүйесіне тигізетін пайдасы туралы ақпарат беріледі. Сондай-ақ ағзаны оттегімен байытып, иммунитетті көтеруге ықпал ететін оттегі коктейлінің (кислородный коктейль) ерекшеліктері түсіндіріледі.

Тур аясында ата-аналар бассейнді аралап, балалардың суда жүзу сабақтары, қауіпсіздік ережелері және судың бала денсаулығына тигізетін оң әсері туралы мәлімет алады.

Одан әрі балалардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылып, суреттері, қолөнер бұйымдары мен түрлі жобалары ұсынылады. Ата-аналар балаларының жетістіктерімен танысып, олардың қабілеттерінің қалай дамып жатқанын көреді.

Іс-шара барысында тәрбиешілер мен мамандар ата-аналардың сұрақтарына жауап беріп, баланың дамуы, тәрбиесі және денсаулығына қатысты кеңестер береді. Ашық пікір алмасу ұйымдастырылып, ата-аналардың ұсыныстары мен тілектері тыңдалады.

Қорытынды

Құрметті ата-аналар! Бүгінгі «Ашық есік – ашық жүрек» таныстыру турына қатысып, балабақшамыздың өмірімен жақынырақ танысқандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің басты мақсатымыз – әр баланың қауіпсіз, бақытты ортада тәрбиеленіп, жан-жақты дамуына жағдай жасау. Балабақша мен отбасының бірлескен еңбегі арқылы ғана бала үлкен жетістіктерге жете алады. Алдағы уақытта да өзара ынтымақтастығымыз нығайып, балаларымыздың жарқын болашағы жолында бірге қызмет ете берейік!

◆ Бұл – балалардың күнделікті уақытын өткізетін жайлы әрі қауіпсіз топ бөлмесі. Мұнда ойын, оқу, шығармашылық және ұлттық тәрбие бұрыштары ұйымдастырылған. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойыншықтар мен дамытушы құралдар орналастырылып, олардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға жағдай жасалған.


Біздің мақсатымыз – әр баланың қызығушылығын арттырып, өз қабілетін еркін дамытуына мүмкіндік беру.



◆ Монтессори кабинеті – баланың өздігінен дамуына, ойлау қабілеті мен ұсақ моторикасын жетілдіруге арналған арнайы дамытушы орта.



◆ Тұз шахтасы – балалардың тыныс алу жолдарын сауықтыруға бағытталған тұз терапиясының пайдасын түсіндіру.



◆ Оттегі коктейлі (Кислородный коктейль) – ағзаны оттегімен байыту, иммунитетті нығайту және сергектік сыйлау мақсатында қолданылатын сауықтыру шараларымен таныстыру.



◆ Бассейн – суда жүзу сабақтарының балалар денсаулығына, қимыл-қозғалыс үйлесімділігіне және шынығуына тигізетін пайдасы туралы ақпарат беру.



◆ Музыка және спорт залдары – балалардың шығармашылық және дене дамуына арналған жұмыстарды көрсету.



◆ Балабақшаның ойын алаңы – балалардың қауіпсіз ойнап, денсаулығын нығайтып, белсенді демалуына арналған жайлы орта. Мұнда бүлдіршіндер таза ауада серуендеп, қызықты ойындар арқылы жан-жақты дамиды.



Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өміргалиева А.Б.



“Дәстүр – ұрпаққа аманат ”



«Дәстүр – ұрпаққа аманат»

Тақырыбы: «Дәстүр – ұрпаққа аманат»

Наурыз мерекесіне арналған салт-дәстүр көріністері

Мақсаты:

Балаларды қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарымен таныстыру, ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру. Ұлттық мұраны дәріптеу арқылы балалардың бойына адамгершілік, отансүйгіштік қасиеттерді сіңіру, халқымыздың мәдениеті мен тарихына деген қызығушылығын арттыру.

Өтетін орны: «Baqytty bala» балабақшасының ұлттық тәрбие бұрышы

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар!

Сіздерді Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған «Дәстүр – ұрпаққа аманат» атты салт-дәстүр көріністерімен таныстыруға рұқсат етіңіздер.

◆ Бесікке салу – жаңа туған нәрестені алғаш рет бесікке бөлеу рәсімі. Үлкен әжелер ақ батасын беріп, баланың өмірі ұзақ, дені сау болсын деп тілек айтады.

👣 Тұсаукесер – сәби қаз-қаз басып жүре бастағанда өткізілетін дәстүр. Баланың тұсауын кесіп, «жолы ашық, қадамы нық болсын» деген ақ тілек білдіреді.

👶 Шілдеhana – нәрестенің дүниеге келуіне байланысты өткізілетін қуанышты мереке. Туған-туыстар жиналып, жас нәрестеге ақ тілектерін арнайды.

👤 Ат қою – жаңа туған балаға есім беру дәстүрі. Үлкендер жақсы ниетпен, баланың болашағына лайық деп таңдаған есімді қояды.

□ Бата беру – үлкендердің ақ тілегі мен ізгі ниетін білдіретін тәрбиелік дәстүр. Батаны тойда, мерекеде, сапарға шығарда немесе маңызды істердің алдында береді.

«Салт-дәстүр – халықтың тәрбиесі мен даналығының қайнар көзі.»

Қазақ халқының әрбір салт-дәстүрі – ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі. Бұл көрмеде халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, ұлттық құндылықтары мен тәрбиелік мәні зор дәстүрлері насихатталады.

Сонымен қатар ұлттық бұрышта киіз үйдің жабдықтары, ұлттық ыдыс-аяқтар, домбыра, қамшы, бесік, сандық және басқа да ұлттық бұйымдар қойылған. Балалар осы бұйымдармен танысып, олардың қолданылуы мен маңызын біледі.

Наурыз мейрамы кезінде орындалатын көрісу дәстүрі, наурыз көже дайындау, алтыбақан құру, ұлттық ойындар ойнау сияқты ұлттық мерекелік дәстүрлер де таныстырылады. Бұл арқылы балалар халқымыздың салт-дәстүрлерін құрметтеуге, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиеленеді.

Біздің басты мақсатымыз – ата-бабадан қалған асыл мұраны жас ұрпақтың санасына сіңіріп, ұлттық рухы биік, елін сүйетін азамат тәрбиелеу.

Қорытынды:

«Дәстүр – халықтың рухани байлығы, ұрпаққа қалдырған асыл аманаты».

Салт-дәстүрін қадірлеген ұрпақ қашанда өз елінің тарихын, мәдениетін құрметтейді. Сондықтан ұлттық тәрбие беру – балабақшадан басталатын маңызды міндеттердің





Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өміргалиева А.Б.



“ Таза аула – жарқын болашақ ”

«Таза аула – жарқын болашақ»

Тақырыбы: «Таза аула – жарқын болашақ»

Ата-аналармен бірлескен сенбілік

Мақсаты:

Балабақша аумағын көркейту және таза ұстау арқылы балаларға экологиялық тәрбие беру, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға баулу. Ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ортақ іске жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру.

Өтетін орны: «Baqytty-bala» балабақшасының ауласы

Құрметті ата-аналар!

Бүгін біз «Таза аула – жарқын болашақ» атты ата-аналармен бірлескен сенбілік ұйымдастырып отырмыз. Сенбіліктің негізгі мақсаты – балабақша аумағын таза ұстап, көркейту және балаларға тазалық пен еңбекқорлықтың маңызын үлгі арқылы көрсету.

Іс-шара барысында ата-аналар мен балабақша қызметкерлері аула аумағын тазалап, гүлдер отырғызып, ағаштардың түбін қопсытып, ойын алаңдарын ретке келтіреді. Бірлескен еңбек арқылы қоршаған ортаны аялаудың, табиғатты қорғаудың маңыздылығы насихатталады.





ЖШС «MDU Bagytty bala» балабақшасы

Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өміргалиева А.Б.



“Әке – отбасының тірегі”

2025-2026оқу жылы



«Әке – отбасының тірегі»

Тақырыбы: «Асық асыл қазынам»

Әке мен бала арасындағы спорттық және шығармашылық жарыс

Мақсаты:

Отбасындағы әкенің рөлін насихаттау, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұйымшылдыққа, достыққа және салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Өтетін орны: «Baqytty bala» балабақшасының спорт залы

Жүргізуші: Ойын шарттары:

Ұраны:

«Әке – асқар тау, бала – бауырындағы бұлақ!» 🧑🧒🧑🏆🌟

1. «Жылдам әке, епті бала» эстафетасы

Әке мен бала белгіленген қашықтықтан жүгіріп өтіп, эстафетаны бір-біріне тапсырады. Жарыс жылдамдық пен ұйымшылдыққа негізделеді.

2. «Допты дәл жеткіз»

Әке мен бала допты құлатпай белгіленген жерге жеткізіп, кері қайтады. Ең жылдам әрі ұқыпты жұп жеңімпаз атанады.

3. «Кім тапқыр?»

Әкелер мен балаларға отбасы, Отан, достық туралы жұмбақтар қойылады. Дұрыс әрі жылдам жауап берген команда ұпай жинайды.

4. «Шебер қолдар» шығармашылық сайысы

Әке мен бала берілген материалдардан белгілі бір уақыт ішінде қолөнер бұйымын немесе сурет жасап ұсынады.

5. «Арқан тарту»

Әкелер мен балалар екі топқа бөлініп, күш сынасады. Бірлік пен ұйымшылдық көрсеткен топ жеңіске жетеді.

Қорытынды:

Жарыс соңында барлық қатысушылар марапатталып, белсенді әкелерге алғыс хаттар табысталады.





ЖШС «MDU Bagytty bala» балабақшасы

Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өміргалиева А.Б.



“Туған жерге тағзым”

2025-2026оқу жылы



«Туған жерге тағзым»

Іс-шара тақырыбы: «Туған жерге тағзым» экскурсия

Мақсаты:

Балалардың туған жерге, ел тарихына деген сүйіспеншілігін арттыру, тарихи ескерткіштерді құрметтеуге тәрбиелеу, қоршаған ортаны таза ұстау мәдениетін қалыптастыру.

Өтетін орны: Тарихи ескерткіш аумағы.

Қатысушылар:

Тәрбиешілер, ата-аналар, мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері.

Іс-шара барысы:

1. Қатысушыларды қарсы алу, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.
2. Ескерткіштің тарихы туралы қысқаша экскурсия жүргізу.
3. Балалар мен ата-аналардың бірлесіп ескерткіш аумағын тазалау жұмыстары.
4. «Туған жерім – мақтанышым» тақырыбында әңгімелесу.
5. Ескерткішке гүл шоқтарын қою, естелік суретке түсу.
6. Қорытындылау, белсенді қатысушыларға алғыс айту.

Күтілетін нәтиже:

Балалар туған өлкенің тарихын танып біледі, табиғат пен тарихи орындарды қорғауға жауапкершілікпен қарауды үйренеді, патриоттық сезімдері қалыптасады.



ЖШС «MDU Bagytty bala» балабақшасы

Бекітемін:
“MDU Bagytty bala”
балабақшасының меңгерушісі:
Өміргалиева А.Б.



“Балалар және цифрлық дәуір”

2025-2026оқу жылы



«Балалар және цифрлық дәуір: пайдалысы мен қауіптері»

Тақырыбы: «Балалар және цифрлық дәуір: пайдалысы мен қауіптері»

Мақсаты:

Ата-аналарға цифрлық технологиялардың балалардың дамуына әсері туралы ақпарат беру, интернет пен гаджеттерді қауіпсіз және тиімді пайдалану жолдарын түсіндіру.

Өтетін орны: «Baqutty bala» балабақшасының музыка залы

Қатысушылар:

Ата-аналар, тәрбиешілер, педагог-психолог.

Іс-шара барысы:

1. Кіріспе сөз. Цифрлық дәуірдегі баланың орны.

2. Гаджеттердің пайдалы жақтары:

- * Танымдық қабілеттерді дамыту;
- * Білім беру платформаларын пайдалану;
- * Шығармашылық дағдыларды жетілдіру.

3. Гаджеттердің зиянды жақтары:

- * Денсаулыққа әсері;
- * Тәуелділіктің пайда болуы;
- * Интернеттегі қауіптер.

4. Педагог-психологтың кеңесі: «Баланың экран алдында өткізетін уақытын қалай реттеуге болады?»

5. Ата-аналармен пікір алмасу және сұрақ-жауап бөлімі.

6. Жадынама тарату: «Балалардың интернет қауіпсіздігі ережелері».

Күтілетін нәтиже:

Ата-аналар цифрлық технологиялардың бала дамуына әсерін түсінеді, гаджеттерді дұрыс қолдану мәдениетін қалыптастырудың тиімді тәсілдерін меңгереді және балалардың интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын біледі.

Гаджеттердің пайдалы жақтары

Қазіргі заманда цифрлық технологиялар балалардың дамуына үлкен мүмкіндік береді. Білім беру қосымшалары мен танымдық ойындар арқылы балалар әріптерді, сандарды, түстерді, пішіндерді оңай меңгереді. Сонымен қатар, мультимедиялық материалдар баланың есте сақтау, зейін қою және ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Онлайн кітаптар, бейнесабақтар және шығармашылық бағдарламалар баланың қызығушылығын арттырып, жаңа білім алуға ынталандырады. Дұрыс таңдалған цифрлық құралдар баланың тіл байлығын дамытып, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді.

Гаджеттердің зиянды жақтары

Гаджеттерді шамадан тыс пайдалану баланың денсаулығына кері әсер етуі мүмкін. Ұзақ уақыт экранға қарау көздің көру қабілетінің төмендеуіне, омыртқаның қисаюуына және ұйқы режимінің бұзылуына әкеледі. Сонымен қатар, гаджетке тәуелділік баланың белсенді қимыл-қозғалысын азайтып, достарымен және отбасымен қарым-қатынас жасауына кедергі келтіреді. Кейбір балаларда ашушандық, мазасыздық және назардың шашыраңқылығы байқалуы мүмкін. Интернет кеңістігіндегі орынсыз ақпараттар мен киберқауіптер де балалар үшін үлкен қауіп төндіреді.

Педагог-психологтың кеңесі:

«Баланың экран алдында өткізетін уақытын қалай реттеуге болады?»

Баланың экран алдында өткізетін уақытын ата-аналар бақылауда ұстауы қажет. Гаджетті белгілі бір уақыт аралығында ғана қолдануға рұқсат беріп, күн тәртібін сақтау маңызды. Баланың бос уақытын спорттық ойындармен, кітап оқумен, сурет салумен және отбасылық іс-шаралармен толықтырған жөн. Ата-аналар өздері де гаджетті шамадан тыс пайдаланбай, балаға үлгі болуы керек. Сонымен қатар, баланың қандай сайттарға кіретінін және қандай контент көретінін қадағалап отыру қажет. Ең бастысы – гаджетті тәрбие құралы емес, көмекші құрал ретінде пайдалану.

5. Ата-аналармен пікір алмасу және сұрақ-жауап бөлімі

Бұл бөлімде ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісіп, балалардың гаджет қолдануына қатысты сұрақтарын қоя алады. Мысалы: «Бала күніне қанша уақыт телефон қолдануы керек?», «Гаджетке тәуелділіктің алдын алу жолдары қандай?», «Қандай білім беру қосымшаларын пайдалануға болады?» сияқты сұрақтар талқыланады. Тәрбиеші мен психолог ата-аналардың пікірлерін тыңдап, нақты ұсыныстар береді. Кездесу соңында ата-аналарға баланың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және гаджеттерді тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар жазылған жадынамалар таратылады.

Қорытынды:

Цифрлық технологиялар – заман талабы. Оларды дұрыс пайдалану баланың дамуына оң әсер етеді, ал бақылаусыз қолдану түрлі қауіптерге әкелуі мүмкін. Сондықтан ата-ана мен педагогтың бірлескен жұмысы арқылы балаға қауіпсіз әрі пайдалы цифрлық орта қалыптастыру маңызды.







“Альфа буынына тәрбие”

2025-2026оқу жылы



«Альфа буынына тәрбие: жаңа заманға бейімдеу жолдары»

Мақсаты:

Ата-аналарға Альфа буынының ерекшеліктері туралы түсінік беру, балаларды қазіргі қоғам талаптарына сай тәрбиелеудің тиімді жолдарын ұсыну және отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

1. Альфа буыны дегеніміз кімдер?

Альфа буыны – 2010 жылдан кейін дүниеге келген балалар. Олар цифрлық технологиялар қарқынды дамыған кезеңде өсіп келеді. Смартфон, планшет, интернет, жасанды интеллект секілді технологиялар олардың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналған. Сондықтан бұл буын ақпаратты жылдам қабылдайды, жаңа технологияларды тез меңгереді және шығармашылыққа бейім келеді.

Сонымен қатар, Альфа буынының назарын ұзақ уақыт бір нәрсеге аудару қиын болуы мүмкін. Олар көрнекілік пен қызықты ақпаратты жақсы қабылдайды. Сондықтан тәрбиелеу мен оқыту барысында заманауи әдістерді пайдалану маңызды.

2. Альфа буынының ерекшеліктері

- * Ақпаратты жылдам қабылдайды;
- * Цифрлық технологияларды ерте меңгереді;
- * Шығармашылыққа және зерттеуге қызығушылығы жоғары;
- * Өз пікірін ашық айтуға бейім;
- * Көрнекі материалдар арқылы жақсы үйренеді;
- * Еркін қарым-қатынасты қалайды;
- * Жеке қабілеттерінің ескерілгенін ұнатады.

Осы ерекшеліктерді ескеру арқылы баланың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік туады.

3. Жаңа заманға бейімдеу жолдары

Балаларды болашаққа дайындау үшін тек білім беру жеткіліксіз. Оларға өмірлік дағдыларды қалыптастыру қажет.

Сыни ойлауды дамыту. Баланың сұрақ қоюына, өз ойын айтуына және шешім қабылдауына мүмкіндік беру керек.

Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру. Балаларды бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, өз пікірін мәдени түрде жеткізуге үйрету маңызды.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сурет салу, құрастыру, музыка, театрландырылған ойындар арқылы баланың қиялын дамыту қажет.

Цифрлық сауаттылықты қалыптастыру. Баланы интернетті қауіпсіз пайдалануға, ақпаратты дұрыс таңдауға үйрету керек.

Өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту. Баланы жауапкершілікке, уақытты тиімді пайдалануға және өз ісіне жауап беруге баулу маңызды.

4. Ата-аналарға ұсыныстар

- * Баламен күн сайын сапалы уақыт өткізіңіз;
- * Баланың пікірін тыңдап, құрметтеңіз;
- * Гаджет қолдану уақытын реттеңіз;
- * Кітап оқуға қызығушылығын арттырыңыз;
- * Отбасылық дәстүрлерді сақтаңыз;
- * Баланы мақтап, жетістіктерін қолдап отырыңыз;
- * Белсенді ойындар мен спортқа баулыңыз;
- * Баланың эмоциялық жағдайына көңіл бөліңіз.

5. Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы

Альфа буынын тәрбиелеуде ата-ана мен педагогтың серіктестігі өте маңызды. Баланың дамуы туралы үнемі ақпарат алмасу, ортақ талаптар қою және тәрбиелік іс-шараларды бірлесе ұйымдастыру жақсы нәтиже береді. Балабақшада қалыптасқан дағдылар отбасында жалғасын тапқанда ғана тәрбие жұмысы тиімді болады.

Қорытынды

Альфа буыны – болашақтың ұрпағы. Оларды тәрбиелеуде дәстүрлі құндылықтар мен заманауи технологияларды үйлестіре отырып, білімді, жауапты, шығармашыл және жан-жақты тұлға қалыптастыру – бүгінгі ата-ана мен педагогтардың басты міндеті. Баланың бойындағы қабілетті дер кезінде байқап, қолдау көрсету оның жарқын болашағының кепілі болмақ.